АТЫРАУ
ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2023 жылғы _____ № _____

Атырау қаласы

город Атырау

25.07.2023ж. №144

012 «Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві» бағдарламасынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларының 12-тармағына сәйкес Атырау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау облысы, Қызылқоға ауданы аумағында орын алған жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде су тасқынынан қорғау бөгеттерін биіктету және қосымша су тасқынынан қорғау бөгеттерін салу жұмыстарының шығындарын өтеу мақсатында «Атырау облысы Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 012 «Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві» бюджеттік бағдарламасының 100 «Облыс аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған облыстық жергілікті атқарушы органының төтенше резерві» кіші бағдарламасынан «Атырау облысы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 121 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер» бюджеттік бағдарламасына 31 931 600 (отыз бір миллион тоғыз жүз отыз бір мың алты жүз) теңге бөлінсін.

2. «Атырау облысы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды алсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі **С.Шәпкенов**